

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес  
мәжілісінде  
Бекітілді  
Факультет деканы  
\_\_\_\_\_ Б.Б.Мейірбаев

**Мектеп пен ЖОО білім беру бағдарламаларын жобалау**

### **ПӘНІ БОЙЫНША**

**«8Д01101- Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы  
мамандығының  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ  
көктемгі семестр**

1 курс, қазақ бөлімі

5 кредит

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған  
п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« » \_\_\_\_\_ 2023 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Н.С. Әлқожаева

## Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және ДӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериялды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

**Емтихан өткізу ерекшеліктері:** емтихан барысында докторант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

**Емтиханды өткізу формасы:**

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу докторанттардың қабілеттері бағаланады.

**Тапсыру күні мен  
уақыты: Емтихан  
уақыты: 2сағат.**

*емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады.*

**Жұмысты тексеру:** Емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты -72 сағатқа дейін. Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

**Жазбаша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:**

1. Мектеп пен жоғары оқу орнындағы білім беру бағдарламаларының қамтамасыз етілуін сипаттаңыз.
2. Білім беру бағдарламаларының педагогикалық сипаттамасы мен мүмкіндіктерін айқындаңыз.
3. Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырлары: адамзаттың жаһандық мәселелерін сипаттаңыз.
4. Мектептегі білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттерін сипаттаңыз.
5. Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы менеджменттің тәсілдерін енгізудің ерекшеліктерін талдаңыз.
6. Коммуникацияны тұлғаны әлеуметтендіру өзегі ретінде түсіндіріңіз.
7. Білім беру жүйесін басқарудағы жаңа міндеттер мен басқару бағыттарын талдаңыз.
8. Білім беру жүйесін басқарудағы бағдарламалардың бағыттарын зерделеңіз.
9. Ұйымның мақсаты мен міндеттерін құрастырудағы коучингтің артықшылығын түсіндіріңіз.
10. Жоғары оқу орнындағы коучинг-тұғырды сипаттаңыз.
11. Білім берудегі заңнамалық құжаттарды талдаңыз.
12. Әрекет түрлерінің тұлға әлеуметтенуіне ықпалына нақты мысалдар келтіріңіз.
13. Жобалаудың білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудағы рөлін сипаттаңыз.
14. Білім беру бағдарламасын жобалаудың заңдылықтары мен ұстанымдарын талдаңыз.
15. Білім беру бағдарламасын жобалауды ұйымдастырудың шарттарын талдаңыз.

## Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы және технологиясы. Алматы, ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 336 бет.
2. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. Монография. – Алматы, 2017. – 160 с.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.
4. Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогических исследований: учеб. пособие - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 213 с.
5. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые – педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004.
6. Каспржак А.Г., Калашников С.П. Приоритет образовательных результатов как инструмент модернизации программ подготовки учителей // Психологическая наука и образование. 2014. Том 19. № 3. С. 87–104.
7. Ахметова Г.К., Паршина Г.Н., Мынбаева А.К., Алыбаева А.М. Проектирование образовательных программ: сравнительные образование.- Алматы: Қазақ университеті, 2011,-124 с.

## ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(стандартты ауызша / жазбаша нысандар үшін)

**Пән:** Мектеп пен ЖОО білім беру бағдарламаларын жобалау.

**Форма:** жазбаша. **Платформа:** UNIVER

№	Критерий/ балл	<u>Дескрипторлар</u>				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>1 сұрақ 30 балл</b>	<b>Курс теориясы мен Мектеп пен ЖОО білім беру бағдарламаларын жобалау тұжырымдамаларын білу және түсіну</b>	Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі жоғары екенін байқатады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы.	«Қанағаттанарлық» бағасы ұсынылған емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27- 35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
2 сұрақ 35 балл	Мектеп пен ЖОО БББағдарламасы пәнінен сызбалар, кестелер құрастыру, ұғымдарды талдай алу.	Тапсырманы толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы.	Берілген сұрақты ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалануы.	Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі.	Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% ( 27- 35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)

<p><b>3 сұрақ</b> <b>35 балл</b></p>	<p>Мектеп пен ЖОО білім беру бағдарламаларын жобалауды практикалық тұрғыда талдай алу.</p>	<p>Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).</p>	<p>Тұжырымда малық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдар дағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.</p>	<p>Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ</p>	<p>Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырым-дамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.</p>	<p>Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді.</p>
--	--	---	--	--	---	---

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 35 балл.